

**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан**

**М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті
Северо-Казахстанский университет им М. Козыбаева**

**Тіл және әдебиет институты /Институт языка и литературы
«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы/ кафедра «Казахский язык и литература»**



6B016 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
(арнайы орта білім беру негізіндегі)
мемлекеттік тілінде оқыту

ТАЛАПҚЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ТҮСУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

ПРОГРАММА ВСТУПИТЕЛЬНОГО ЭКЗАМЕНА ДЛЯ АБИТУРИЕНТОВ
(на базе среднего специального образования)
по направлению 6B016 Подготовка учителей казахского языка и литературы

Петропавл қ., 2021 ж./ г. Петропавловск, 2021 г.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы

№ хаттама «» _____ 2021ж.

Кафедра меңгерушісі



(қолы)

Ж. Қадыров

Тіл және әдебиет институтының оқу-әдістемелік кеңесі

№ хаттама « » _____ 2021ж.

Тіл және әдебиет институтының оқу-әдістемелік кеңесінің төрағасы



Е. Сабиева

Құрастырушылар:

1. Қадыров Ж.Т., ф.ғ.к., «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының профессоры;



(қолы)

2. Есматова М.Т., ф.ғ.к., «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті;



«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында бағдарлама БВ01703 «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша бакалаврға түсу емтиханының ұйымдастырылуы және өткізілуі бойынша бағдарлама жасалды.

ҚР өкіметінің жарлығымен бекітілген білім берудің мемлекеттік жалпы стандартқа жұмыс оқу бағдарламаларына сонымен қатар пән бойынша оқу-әдістемелік кешендерге негізделген бағдарлама құрастырылды.

Бағдарламада түсу емтихандарының ұйымдастырылуы мен өткізілуі туралы жалпы мәлімет, сұрақтар мен тақырыптардың тізбесі әр пән бойынша әдебиет тізімі, бағалау критерилары туралы жалпы мәлімет берілген

М. Қозыбаев атындағы СҚУ түсу емтиханын өткізу

Түсу емтиханын өткізу 6В01703 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын меңгеруге түсушілердің дайындық дәрежесін анықтау болып табылады

Жоғары және орта арнайы білім базасында 6В01703 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша оқуға түсетін талапкерлермен әңгімелесуді өткізу бағдарламасы әдебиеттерді дайындау және олардың тізімін қамтиды.

Емтиханда талапкер зерттеу және қолданбалы сипаттағы нақты теориялық және практикалық міндеттерді шешу үшін қажетті білімді, іскерлікті және дағдыны тиімді қолдану, теориялық материалда және негізгі дереккөздерді (әдебиет, ғылыми және оқу басылымдары) іріктеуде бағдарлану дағдыларын көрсетуі тиіс.

Бағалау критерийлері

Түсу емтиханының нәтижелері бойынша білім алушылардың білімін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағалар қойылады. Бұл ретте үміткердің теориялық және практикалық даярлық деңгейі назарға алынады.

Комиссия:

- бакалаврдың теориялық және практикалық даярлық деңгейінің кәсіптік білім берудің жалпыға міндетті стандарттарына сәйкестігін ;
- практикалық оқыту, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша бакалавр білімінің, іскерлігінің және практикалық дағдыларының нақты деңгейі, олардың оқу бағдарламалары мен мамандық бойынша білікті сипаттамалардың талаптарына сәйкестігі.

Қабылдау емтиханын тапсыру нәтижелері қабылдау комиссиясы отырысының хаттамасына қол қойылғаннан кейін олар өткізілген күні жарияланады. Түсу емтиханын бағалау критерийлері 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. Түсу емтихандарын бағалау критерийлері:

Әріптік жүйе бойынша баға	Сандық баламасы	Ұпайы (%-дық мазмұны)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4	95-100	өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

Түсіндірме жазба

Осы бағдарлама 6B01703 «Қазақ тілі мен әдебиеті» бағыты бойынша М.Қозыбаев атындағы білім беру мекемесіне түсетін жоғары және орта арнайы білім базасында талапкерлермен әңгімелесу - түсу емтиханының мазмұнын анықтайды. Түсу емтиханы бағдарламасы арнайы орта және жоғары білім беру бағдарламасына сәйкес әзірленді.

Бағдарлама 6B01703 «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында әзірленді және «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша оқуға түсу емтиханын (әңгімелесу) дайындауға және өткізуге арналған. Бағдарламада емтиханды ұйымдастыру және өткізу туралы жалпы мәліметтер, оқуға түсушілердің теориялық дайындық деңгейін білетін тақырыптар мен сұрақтар тізбесі, әрбір пән бойынша әдебиеттер тізімі, бағалау критерийлері қамтылады.

Әңгімелесу кезінде талапкер қойылған сұрақтарға қысқаша және түсінікті жауап бере білуі тиіс.

6B01703 «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына арналған жазбаша емтихан сұрақтары қазақ тілі пәнінен:

1. Орфография, қазақ орфографиясының тарихы, негізгі принциптерден ауытқитын кейбір жағдайлар
2. Баяндауыш, оның тұлғалық белгілері, сөйлемдегі орны, жасалу жолдары, түрлері. Бастауыш пен баяндауыштың арасындағы қатынас түрлері, жақтық, жекелік, көптік түрлері
3. Аралас құрмалас сөйлем, зерттелуі, өзіндік белгілері, жасалу жолдары, орын тәртібі, тыныс белгілері
4. Оқшау сөз, оның тұлғасы мен қызметі, түрлері, тыныс белгілері
5. Үйірлі мүшелер, олардың түрлері, жасалу жолдары
6. Толықтауыш, оның тұлғалық және мағыналық белгілері, тура және жанама толықтауыш. Толықтауыш құрамы, өзіне қатысты мүшелермен байланысы
7. Сан есім, оның тұлғалық, мағыналық белгілері, сан есім түрлері, жасалу жолдары
8. Тұйық етістік. Рай категориясы, түрлері, модальдық қызметі
9. Зат есім, оның мағыналық, тұлғалық белгілері, туынды зат есімдер, жасалу жолдары. Деректі және дерексізді, жалпы және жалқы зат есімдер
10. Көп компонентті салалас сөйлем, жасалу жолдары, мағыналық қарым-қатынас ерекшеліктері
11. Сөздердің байланысу түрлері, өзіндік ерекшеліктері
12. Жалпылауыш сөздер, олардың бірыңғай мүшемен қызметтес болатыны, орын тәртібі, тыныс белгілері, жинақтық мәнді сөздер, олардың жалпылауыш сөздерден өзгешелігі
13. Сабақтас құрмалас сөйлем, оның салалас құрмаластан айырмашылығы, құрмаласу жолдары
14. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі, сөйлем мүшелерінің қалыпты орын тәртібі мен инверсиялық жағдайы. Логикалық екпін, оның орын тәртібіне байланыстылығы
15. Актив және пассив сөздер, олардың түрлері, ерекшеліктері.
16. Қазақ әдеби тілінің сипаттамасы, әдеби тіл нормаларының дамып отыруы, қазақ әдеби тіл тарихындағы Абайдың орны
17. Дыбыстардың спонтандық, комбинаторлық өзгерістері
18. Модаль сөздер, олардың өзіндік ерекшеліктері, әртарап және бейтарап сөздер, олардың мағыналық, тұлғалық ерекшеліктері, синтаксистік қызметі

19. Дауыссыз дыбыстар, олардың классификациясы, өзіндік ерекшелігі. Жалаң және аффрикат дыбыстар
20. Тілдердің генеологиялық классификациясы
21. Тілдің мағыналы бірлігі ретінде сөздің негізгі қасиеттері мен белгілері
22. Синонимдер және антонимдер, олардың жасалуы, лексика-грамматикалық түрлері мен стилистикалық мәні
23. Жазу мәдениеті, қоғам тарихындағы мәні, жазудың даму кезеңдері, қазақ алфавитінің келешегі
24. Екпін. Қазақ тілі екпінінің мәселесі. Логикалық екпіннің ерекшелігі. Екпін қабылдамайтын қосымшалар
25. Сын есім, оның лексика-грамматикалық категориялары.
26. Көмекші етістік, оның тұрақты, ауыспалы түрлері. Көмекші етістіктің грамматикалық мағына жасаудағы рөлі мен синтаксистік қызметі, қалып етістіктерінің өзіндік ерекшеліктері
27. Этимологияның зерттеу нысаны, принциптері
28. Шылау, оның мағыналық топтары, өзіне тән ерекшеліктері, қызметі
29. Қазақ лексикасының кәсіби және терминдік лексикасы
30. Айқындауыш, оның түрлері және анықтауыштан айырмашылығы
31. Омонимдер, олардың түрлері, жасалу жолдары, зерттелуі, ол жайында пікірлер. Омонимге ұқсас тілдік құбылыстар.
32. Пысықтауыш, оның мағыналық белгілері, түрлері, құрамы, күрделі пысықтауыштың жасалу жолдары. Пысықтауыштың өзіне қатысты сөзбен синтаксистік байланысы.
33. Көмекші есім, олардың мағыналық, тұлғалық белгілері, қызметі
34. Қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалық құрамына қарай бөлінетін түрлері
35. Фразеологизм, оның өзіндік белгілері. Тұрақты сөз тіркестерінің мағына тұтастығы жағынан түрлері
36. Қазақ әдеби тілінің даму кезеңдері, ол туралы пікірлер
37. Морфологияның зерттеу объектісі, грамматикалық мағына, лексикалық мағына, қазақ тіліндегі сөздердің морфологиялық құрамдары, түбір морфема мен қосымша морфема
38. Бөгде сөз, оның түрлері. Төл сөз бен автор сөзі, олардың өзара байланысы, орын тәртібі, тыныс белгілері. Төл сөзді төлеу сөзге айналдырудың грамматикалық тәсілдері
39. Полисемия, оның өзіндік ерекшелігі. Сөздің көп мағыналығы мен омонимияның арақатынасы.
40. Етіс категориясы, етіс жұрнақтарының жаңа сөз тудырушылық қызметі, етістің түрлері
41. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері, бірыңғай мүше болудың шарттары, тыныс белгілері, бірыңғай мүшемен айтылатын жалғаулықты шылау түрлері
42. Етістік, оның лексикалық, морфологиялық, синтаксистік белгілері, салт және сабақты етістіктің құрамы, туынды, түбір етістіктер, оның жасалу жолдары
43. Дауысты дыбыстар, олардың классификациясы, ерекшелігі, жалаң және дифтонг дыбыстар
44. Үстеу, оның морфологиялық белгілері, жасалу жолдары. Үстеудің мағыналық топтары, өзіндік ерекшелігі және оның синтаксистік қызметі.
45. Салалас құрмалас сөйлем, оның компоненттерінің бір-бірімен құрмаласуы
46. Сөздердің байланысу тәсілдері
47. Анықтауыш, оның тұлғалық, мағыналық белгілері, сөйлемдегі орны, анықтауыш болатын сөз таптары, құрамы, күрделі анықтауыштың жасалу жолдары, анықтауыштың анықталушы сөзбен синтаксистік байланысы
48. Еліктеуіш сөздер, олардың мағыналық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктері, түрлері, дыбыстық ерекшеліктері

49. Сөздік құрам мен сөздік қордың сипаттамасы. Сөздік құрамның баю, жетілу жолдары
50. Қазақ тілі лексикасының дамуы, зерттелуі
51. Одағай, оның лексика-грамматикалық сипаты, мағыналық топтары, көп мағыналы, бір мағыналы одағайлар, олардың қолданылуы
52. Буын, оның түрлері, зерттелуі, сөзді буынға бөлудің жолдары
53. Болымды және болымсыз етістіктер. Болымсыздық мағынаның жасалу жолдары
54. Дыбыстардың үндесуі, қазақ тіліндегі дыбыс үндестігінің түрлері. Ассимиляция, оның түрлері, ерекшелігі
55. Есімдік, оның өзіне тән мағыналық түрлері, есімдіктердің тәуелдену, көптелу, септелу, жіктелу жүйесіндегі ерекшеліктері
56. Жай сөйлем, оның белгілері. Жалаң және жайылма сөйлемдер, олардың тұрлаусыз мүшеге қатысы
57. Көп бағыныңқы сабақтас құрмалас, оның түрлері, жасалу жолдары
58. Етістіктің шақ категориясы, түрлері, жасалу жолдары
59. Сөз мағынасының ауысу жолдары
60. Фразеологизм, зерттелуі және оның пайда болу жолдары
61. Сөздердің лексикалық мағыналық түрлері
62. Бастауыш, оның тұлғалық белгілері, сөйлемдегі орны, жасалу жолдары, түрлері
Бастауыштан кейін сызықша қою шарттары
63. Буын үндестігі, оның түрлері. Ерін үндестігі туралы пікірлер
64. Сөзжасам, оның зерттеу нысаны
65. Жалғаулықты және жалғаулықсыз салалас құрмалас сөйлем, тыныс белгілері
66. Жалғау, оның түрлері, ерекшеліктері
67. Сын есімнің шырай категориясы, жасалу жолдары, синтаксистік қызметі
68. Сабақтас құрмалас сөйлем, оның зерттелуі. Сабақтас құрмаластың мағыналық түрлері, тыныс белгілері
69. Жақты және жақсыз сөйлемдер, олардың бастауышқа қатысы. Жақсыз сөйлемдердің жасалу жолдары
70. Сөз тіркесі, оның негізгі белгілері, түрлері, құрамы, зерттелуі
71. Фразеологизмдердің лексика-семантикалық топтары
72. Жұрнақ, оның түрлері, ерекшелігі

**6B01703 «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына арналған жазбаша емтихан сұрақтары
қазақ әдебиеті пәнінен:**

1. Қазақ ауыз әдебиетінің құрамы, жүйеленуі, жіктелуі. Оның қалыптасу, даму кезеңдері
2. Қазақ ертегілері, өзіндік ерекшеліктері, жүйеленуі, зерттелуі. Жанрлық түрлері
3. Ертегіден тыс прозалық жанрлар, ерекше сипаттары
4. Қазақ эпосы, жанрлық құрамы, зерттелу тарихы, классификациясы
5. Батырлар жырының идеялық нысанасы, тақырыбы
6. Қазақ мақал-мәтелдерінің жанрлық белгілері, классификациялау принциптері
7. Қазақ шешендік өнерінің текстері мен түрлері, қоғамдық тарихи мәні
8. Лиро-эпостық жырлар, жүйеленуі, жанрлық ерекшеліктері
9. Айтыс түрлері, дамуы, зерттелуі, жанрдың жалпы сипаттамасы
10. Тарихи жырлар, сюжеті мен тақырыбы. Батырлар жырымен байланысы
11. Түркі тілді халықтарға ортақ әдебиет, оның үш кезеңі
12. Көне түркі жазба ескерткіштері. Орхон жазуындағы жәдігерліктер
13. «Оғыз-наме» жыры, әдеби-тарихи мәні, оған қатысты аңыз-әңгімелер мен тарихи деректер
14. Абу Насыр әл-Фарабидің ғылыми ақындық мұрасы. Әдебиеттану саласындағы еңбегі
15. Қарахан мемлекеті тұсындағы әдеби мұралар, ғылым жетістіктері
16. Махмұд Қашқаридің тіл білімі саласындағы ғылыми мұрасы, әдебиет зерттеушілік еңбегі. «Диуани лұғат ат түрік» еңбегінің ғылыми мәні
17. Жүсіп Баласағұнның шығармашылығы, «Құтты білік» дастанының басты тақырыптық-идеялық нысанасы
18. Қожа Ахмет Яссауи шығармашылығы және «Диуани Хикмет» кітабының басты идеясы
19. Алтын Орда тұсындағы әдебиет, оның көрнекті өкілдері, ұлттық әдебиеттегі орны
20. Қазақ әдебиеті тарихынан жыраулар поэзиясының алатын орны
21. Асан қайғы толғауларының мәні, көркемдік ерекшеліктері
22. Шалкиіз жырау толғауларының маңызы
23. Үмбетей жыраудың Бөгембай батырға арналған толғауларының тарихи-көркемдік мәні
24. Ақтамберді жырау толғауларының әлеуметтік мәні, тақырып арнасы
25. Доспамбет жырларындағы жауынгерлік рух
26. Қожаберген жырау шығармаларының идеялық-композициялық құрылысы
27. Жиёмбет жырау толғауларындағы әлеуметтік мәселе
28. Бұқар жырау шығармашылығы
29. Шал ақынның өмірі мен шығармашылығы
30. Көтеш ақын толғауларындағы басты идея
31. Қазтуған жырау толғауларының әдеби-көркемдік мәні
32. Тәтіқара ақын толғауларындағы қазақ батырларының бейнесі
33. Шортанбай мұрасының жариялануы, зерттелу тарихы
34. Мұрат мұрасының жариялануы, зерттелу тарихы
35. Махамбет Өтемісұлының өмірі туралы мәлімет. Махамбет шығармаларын жариялау, зерттелу жұмыстары
36. Майлықожа Сұлтанқожаұлының ақындық шығармашылығы
37. Сүйінбай Аронұлы. Ақын мұрасының жариялануы, зерттелуі
38. Шернияз Жарылғасұлының өмірі мен шығармашылығы
39. Базар Оңдасұлының өмірі туралы мәлімет
40. Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен ақындық шығармашылығы
41. Әбубәкір Кердері Боранқұлұлы. Өмірі, ақындық шығармашылығы
42. Мәделі Жүсіпқожаұлы. Өмірі, ақындық шығармашылығы

43. Нұрым Шыршығұлұлы. Өмірі, ақындық шығармашылығы
44. Біржан сал Қожағұлұлы. Өмірі, ақындық шығармашылығы
45. Орынбай Бертағыұлы. Өмірі, ақындық шығармашылығы
46. Ақан сері Қорамсаұлы. Өмірі, ақындық шығармашылығы
47. Сегіз Сері. Өмірі, ақындық шығармашылығы
48. Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы. Өмірі, ақындық шығармашылығы
49. Сара Тастанбекқызы. Өмірі, ақындық шығармашылығы
50. Жаяу Мұса Байжанұлы. Өмірі, ақындық шығармашылығы
51. Ш.Уәлихановтың фольклор, әдебиет тарихы, поэзия жанрлары туралы зерттеу еңбектері
52. Ы.Алтынсарин шығармаларының жариялануы, зерттелуі
53. Абай Құнанбайұлының шығармашылық өмірбаяны
54. Ақылбай Абайұлы. Өмірі, ақындық шығармашылығы
55. Мағауия Абайұлы. Өмірі мен шығармашылығы
56. Шәңгерей Сейіткерейұлы Бөкеев. Өмірі мен ақындық-жазушылық, шығармашылық жолы
57. С.Торайғырұлы поэмаларында көтерілген мәселелер
58. А.Байтұрсынұлы шығармаларындағы демократиялық-ағартушылық қағидалар
59. А.Байтұрсынұлы аудармалары
60. А.Байтұрсынұлының ғылыми еңбектері
61. М.Дулатұлының ақындығы
62. М.Дулатұлының публицистикалық еңбектері
63. М.Дулатұлының прозасы
64. Т.Жомартбаев поэмалары
65. Б.Күлеев лирикасы
66. С.Көбеевтің шығармашылығы
67. С.Дөнентаев сатирасы
68. М.Жұмабаев лирикасы
69. М.Жұмабаев поэмаларының тақырыбы
70. Ж.Аймауытұлы прозасы
71. М.Әуезовтің прозалық туындылары
72. М.Әуезов драматургиясы
73. Ғ.Мүсірепов - әңгіме шебері
74. Б.Майлин шығармашылығы
75. І.Жансүгіров поэмаларының тақырыптық ерекшеліктері
76. С.Мұқанов поэмалары
77. С.Сейфуллин лирикасы
78. Қ.Аманжолов поэзиясы
79. Д.Исабеков повестері
80. І.Есенберлиннің тарихи романдары
81. М.Мақатаев лирикасы
82. Т.Ахтанов прозасы
83. М.Шаханов лирикасы
84. Оралхан Бөкеев повестері
85. С.Жүнісов прозасы
86. Ж.Нәжімеденов ақындығы
87. Ә.Нүрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясының жазылу тарихы
88. Қ.Мырзалиев поэзиясы
89. Т.Ахтанов әңгімелері

90. Оғыз-қыпшақ дәуіріндегі әдебиет. «Қорқыт ата» туралы ақиқат пен аңыз. «Қорқыт ата» кітабының зерттелуі, тарихи мәні

Практикалық тапсырма

Талдауға берілетін сөйлемдер:

1. Кезекші орнынан көтеріліп, жан-жағына қарап алды (А. Абдулин).
2. Мұнда мүмкіншілік көп екен: жазы ұзақ, қысы қысқа, жылы күні жеткілікті, көшелерді бойлап аққан арық, ендеше су да бар (С. Мұқанов).
3. Жүргіншілердің оң жағынан, кейде сол жағынан қар жамылған жалаңаш төбелер кездеседі (Ә. Нұршайықов).
4. Қызыл ормалады алдындағы бұтаға іле салмағанда, Айшаның бұл жерде екенін біліп те болар емес (А. Тоқмағамбетов).
5. Жұмыскерлер абыржығанымен, келелі сөз үстінде отырған жайларын өзгерте алмай қалды (Ғ. Мүсірепов).
6. Еті де, сүті де сондай майлы бола тұра, қазақы сиырдың салмағы жеңіл (С.Мұқанов).
7. Адамға адамгершілік керек қой, Ыбеке (С. Шаймерденов).
8. Күздікке ерте көшетін түк шаруасы болмаса да, Жұманның көшіп бара жатқанын көріп, өзінен-өзі ере көшті (Ғ. Мүсірепов).
9. Бетімнен отым шығып қалса керек – қыз-келіншек біткені сылқылдай күлді (Б. Момышұлы).
10. Кемпір сөзін алғашқыда жеңіл ажуамен қабылдаған жұрт бұл тұста құлаққа ұрған танадай болып тұнып қалды (Ә. Нұршайықов).
11. Жастық шағыңда ұлғайғанның ісін істесең, ұлғайғанда қайтпексің? (Ғ.Мүсірепов).
12. Басына үкілі тақия киіп, мың бұралып қамажайға билегенін көрсең (Б.Соқпақбаев).
13. Ертеңгісін киіз үйдің ішінде ояғанда, ашық түндіктен алыс аспанның көкпеңбек бір бөлігі көрінетін (Т. Ахтанов).
14. Топ алдында жарау кер атқа мінген Көкбай қатты желіп келеді (М.Әуезов).
15. Батырлық майданда сыналады (мақал).
16. Омар ауыр ойға батқандай тағы да **үнсідікке** берілді (О.Бөкей).
17. Дархан түн ішінде **өтінішін** орындаған жаңа көршісіне шын риза болды (О. Бөкей).
18. **Әкелі-балалы** екеуі Ақшиге барар күре жолдан бұрылып, Аякөз жылғасына қарай жалғыз аяқ сүрлеуге түсті (О. Бөкей).
19. Сіздің ойыңызша, әке, әлемдегі аң, құс, жан-жануардың **бәрі-бәрі** адамдардан артық секілді (О. Бөкей).
20. Ал оған қосылмаған адам жерден **ешқандай** үлес ала алмайды (С. Жүнісов).
21. Жұрттың көзі бұл екеуінде емес, **сары ала** сандықта (С. Жүнісов).
22. Қой сауып жүрген бірлі-жарым **ақ жаулықты** әйелдер болмаса, шошаң еткен айыр қалпақты шалынбайды (О. Бөкей).
23. Бұқтырма **ГЭС-інің** арқандай шуатылған сымы, бұдан аттай алты жыл бұрын тартылған (О. Бөкей).
24. **Алтыбақанның** жан алқымынан алып жүріп, есік алдына алты біңгек орнатқызды (О.Бөкей).
25. Ол мәдениетті сөйлеуге тырысады, сөйлеген сөзінен **сезімтал** екені байқалып тұрады (Б.Бұлқышев).
26. Таңдап кірген вагонның ішінде теңките қаптаған ұн тау-тау болып **үйіліп жатыр** (О.Бөкей).
27. **Рахмет**, асығыс шаруам бар, ауданға баруым керек (О. Бөкей).
28. Үстіне жамылған жеңіл шапанын **зорға** сүйретіп, от басына қарай еңбектеді (С. Жүнісов).

29. Сол жерге бірнеше қашау қағып, **әрқайсысының** басына құлаш-құлаш қыл арқандарды тас қып байладық (С. Жүнісов).
30. Су жаңа қоңыр костюм жауырыны **жап-жалпақ** шымыр денесіне қона қалыпты (С.Жүнісов).
31. **Ырс-ырс** етіп, сары табақтай тершіген бетін қалта орамалымен сүртті (С. Жүнісов).
32. Жас төлдеген малды **күзетшілер** үйге әкеп, жылы бөлмеде, су жылытып беріп күтуге тиісті болды (С. Жүнісов).
33. Біздің ауыл **1930** жылы осы «Торқа» деп аталатын шөпті көлдің ық жағынан қоныс тапқан (С. Шаймерденов).
34. Басына оттай қызыл жұлдызы бар шлем киіп, қолына жуан портфель ұстап келгеніне дейін **ұмытпаппын** (С. Шаймерденов).
35. Күбір-күбір адам дауысы естілгенде, **Ақбілектің** жүрегі зырк ете түсті (Ж. Аймауытов).

Пайдалануға ұсынылған әдебиет

1. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – А., 1974. Садырбаев С. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Хрестом. – А., 1977.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы. I-т. 1,2 –кітаптар. – А., 1960, 1964.
3. Қазақ фольклористикасының тарихы. – А., 1988.
4. Қазақ фольклорының тарихилығы. – А., 1993.
5. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – А., 1985.
6. Тұрсынов Е.Д. қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырға өкілдері. – А., 1976.
7. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – А., 1985.
8. Қасқабасов С. Жаназық (зерттеулер). Астана, 2002.
9. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – А. 1987.
10. Қазақ фольклористикасының тарихы. – А., 1988.
11. Уахатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. – А., 1983.
12. Адамбаев Б. Халық даналығы. – А., 1976.
13. Әуезов М. Жұмбақтар туралы // Жұмбақтар. – А., 1940.
14. Әуезов М. Ертегілер. - /қазақ әдебиеті тарихы. I-т. – А., 1988.
15. Қондыбаев С.А. қазақ мифологиясына кіріспе. – А., 1999.
16. Сүйіншәлиев Х. XIX ғасыр әдебиеті. – А., 1992.
17. Жұмалиев Қ. ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – А., 1967.
18. Әуезов М.О. ХҮІІІ-ХІХ ғ. ақындары // Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. Т.16. – А., 1985. – Б. 176-198.
19. Бес ғасыр жырлайды. 2 томдық. Т.1. – А., 1989.
20. Жұмабаев М. Ақан сері. Ақанның өмірі. Базар жырау // Жұмабаев М. Шығармалары. – А., 1989. – Б. 318-345.

21. Исмаилов Е. Ақындар. – А., 1956.
22. Мұқанов С. Өсу жолдарымыз. – А., 1960.
23. Мұқанов С. Халық мұрасы. – А., 1974.
24. Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры мен стилі. – А., 1983.
25. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – А., 1975.
26. Есімов Ф. Хакім Абай. – А., 1991.
27. Кәкішев Т. Сын сапар. – А., 1971.
28. Нұрқатов А. Абайдың ақындық дәстүрі. – А., 1958.
29. XIX ғасырдағы қазақ аоэзиясы. – А., 1985.
30. Омаров Б. Зар заман поэзиясы. – А., 2000.
31. Мәдібай Қ. Зар заман ағымы. – А., 1997.
32. Аханов К.Тіл білімінің негіздері. Алматы, 2004
33. Хасенов Ә. Тілбілімі. А., 2004
34. Аханов К.Тіл білімінің негіздері: Электрондық оқулық. Алматы, 2004
35. Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. Алматы, 1996
36. Байтұрсынов А.Тіл тағылымы. Алматы, 1992
37. М.Ф. Ғабдулина Тіл біліміне кіріспе бойынша оқу-әдістемелік кешен. Петропавл, 2006
38. Жұмабаев М. Педагогика. Тіл. Алматы, 1993
39. Мажитаева Ш. Тіл біліміне кіріспе. Қарағанды, 2008
40. Мусин Ж. Қазақ жазуының тарихы. Көкшетау, 2003
41. Сыздық Р.Сөз күдіреті. Алматы,2006
42. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. Алматы, 1994
43. Болғанбаев Ә. Синонимдер сөздігі. А., 2003.
44. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. А., 1997, 2007.
45. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/ 10 томдық/ А. 1974.
46. Қазақ тілі Энциклопедия. А. 1998.
47. Серғалиев М. Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі. А. 1996.